


Жаңа технология – сапалы білім негізі

Қоғамда болып жатқан жедел де қарқынды өзгерістер білім беруге қойылатын талаптарды жаңа бағытта түбекейлі өзгертуде. Өлемдік білім беру кеңістігінде жеке тұлға мен қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім беру қальштасуда. Қазіргі білім концепциясының басты мақсаты – өзінің және қоғамның муддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, күнделікті бөсекеге қабілетті және шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі өлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, болып жатқан өзгерістерге қатысып, оны жақсартуға ықылас етіп, белсенді, өлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой-өрісі кең, сауатты, танымдық ерекетке қызығуы мол оқушы төрбиелеу.



Бұл үрдіс, ең алдымен, жаңа мазмұнмен және уақыт талабына сәйкестікте толықтырылған білім беруді үйімдастырумен байланысты. Елімізде білім беру мазмұны стандарттары мен сабактан тыс қызмет бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және көсіптік білім беру үйімдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту және нығайту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Материалдық база дегеніміз – бұл білім беру үйімдарындағы оқытумен төрбиеберу деңгейінанықтайдын негізгі факторлардың бірі. Ол мектеп кабинеттерінің жабдықталуын, олардың нормативтерге сәйкестігін бағалауды көздейді. Әр типке қатысты оқу сыныптарының, болмелердің, оқу-өндірістік шеберханалардың нормалары мен ережелері, сонымен олардағы гигиеналық жағдайларға қатысты талаптар енген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер сақталуы тиіс.

Аудан орталығындағы Ә.Бекейхан атындағы тірек мектебінде, С.Ибраев атындағы негізгі орта мектебінде, К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің технология кабинеті қыз балалар және ұл балалар үшін қажетті заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жаңа оқу жылында ерекше жабдықталған кабинетке жаңа жиһаздармен қоса сапалы LEGEND 2520 тігін машиналары, 1 оверлок «JANOME» тігін «DAPINA» қысқа толқынды пеш, холодильник, «Зығыр», «Тұкті мата», «Қалып мата» мен жібек мата демонстрациялық үлгілер, маникен, «Синтетикалық және жасанды талшықтардан жасалған маталарды өндіру кестелері» сатып алынды. Ас белмеге қажетті ыдыс-аяқтар, жабдықтар, жаңа жиһаздар алынды. Сынып бұрыштарына технология кабинетінің қауіпсіздік ережелері жазылған стенділер мен санитарлық бұрышка арналған жабдықтар келді.

Аудандық білім белімінің қолдауымен жаңа технология кабинетінің жабдықталуы сапалы білім алуда жасалған зор мүмкіндік екені сөзсіз. Пән мұғалімдері үлттық қолөнеріміз бен сөнді киім тігуді үйретіп қана қоймай, қыз балаларға ас мәзірін дайындау, әртүрлі тамақ дайындауда үйренуге де мүмкіндік жасалғанына ерекше қуанышты.

«Халық пен халықты, адам мен адамды тенестіретін – білім». Қорыта айтқанда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауының басты бағытының бірі – осы білім саласы. Рухани-мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді.

Қ.Қабдықаримова,
ауданның білім белімінің әдіскери.